

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 маусым N 582. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995.05.19. N 715 қаулысымен.

Жекешелендіретін кәсіпорындардың акцияларын азаматтардың инвестициялық жекешелендіруші купондарына аукциондық сатуды ұйымшылдықпен өткізу, инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Инвестициялық жекешелендіру қорларын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290 қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Мемлекеттік жекешелендіру қорын (бұдан әрі - Қор) құрып, оның ұйымдық құрылымы мен штат кестесін бекітсін.

2. Қор жекешелендіру барысында қайта құрылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктері акцияларының (жарналарының, үлестерінің) мемлекеттік пакеттерін жекешелендіруші инвестициялық купондарға сату жөніндегі купондық аукциондарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің тапсыруы бойынша ұйымдастырып, өткізуді жүзеге асырушы мемлекеттік орган болып табылады деп белгіленсін. Қор жаппай жекешелендіру барысында инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін бақылауды қамтамасыз етеді.

3. Қор туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

4. Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің шешімдерін, сондай-ақ Қор туралы Ережені басшылыққа алады.

5. Қор аппаратының шекті саны 45 адам (үйді күзету және қызмет көрсету жөніндегі адамдарды қоспағанда) және қызметтік 2 жеңіл автомобильге лимит белгіленсін.

6. Қордың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 377 қаулысымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы және Қазақстан Республикасының министрліктері мен мемлекеттік комитеттері жанындағы бас басқармалар, комитеттер және басқа республикалық мекемелер аппаратының басшы қызметкерлері мен мамандарына көзделген еңбекке ақы төлеу шарттары қолданылсын.

7. Қордың төрағасын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді деп белгіленсін.

Қор төрағасының лауазымы медициналық, тұрмыстық қамсыздандыру және көлік қызметін көрсету шарттары жөнінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитеттері төрағаларының орынбасарларының лауазымына теңестірілсін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаржы есебінен Қордың аппаратын ұстауға қажетті қаражат көздейтін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, купондық аукциондар өткізуден және инвестициялық жекешелендіру қорлары мен сол қорлардың басқарушыларына лицензия беруден түскен қаржыны пайдалану тәртібін белгілесін.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Алматы қаласының әкімі Қор қызметкерлерін орналастыру үшін қызметтік үй-жай бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 9 маусымдағы
N 582 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру
қоры туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен кету мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасына сәйкес жасалды және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жекешелендіру қорының (бұдан әрі - Қор) негізгі міндеттерін, функциясы мен құқықтарын белгілейді.

1. Қор жекешелендіру барысында акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктеріне айналғандардың мемлекеттік акциялары (жарналары, үлестері) пакетін капитал түрінде иелену мен басқаруды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) уәкілдік берген мемлекеттік орган болып табылады.

2. Қор комитеттің тапсыруы бойынша жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының (жарналарының, үлестерінің) мемлекеттік пакетін инвестициялық жекешелендіру қорларына жекешелендіруші инвестициялық купондарды сату жөніндегі арнайы купондық аукциондардың ұйымдастырылуын жүзеге асыруға және лицензия беретін ведомствоаралық комиссияның шешімі бойынша инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

3. Комитет пен Қор арасында жасасылған шартқа сәйкес Қорға жекешелендірілуші кәсіпорындардың мемлекеттік акциялары (жарналары, үлестері) пакетін купондық аукциондарда сату айрықша құқығы беріледі.

4. Аукциондар қорытындыларын шығару үшін Қор жанынан тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады, оның құрамын Комитет бекітеді.

5. Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Комитеттің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

6. Қор Комитеттің шешімі бойынша құрылады. Қор мен Комитеттің өзара қарым-қатынасы осы Ережемен белгіленеді.

7. Қор заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз қызметіне қатысты құқықтарды пайдаланып, міндеттерді орындайды. Қордың дербес балансы, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған дөңгелек мөрі, банкілерде есепшоттары болады.

8. Қордың негізгі функциялары:

жекешелендірілетін кәсіпорындардың Комитет берген мемлекеттік акциялар (

жарналары, үлестері) пакетін жинақтау;

алынған мемлекеттік акциялар (жарналар, үлестер) пакетіне есеп жүргізіп, оларды өткізілетін аукциондарда одан әрі сатуға байланысты барлық операцияны жүзеге асыру;

әрбір купондық аукционды өткізер алдында инвестициялық жекешелендіру қорларында азаматтардың жекешелендіруші инвестициялық купондарының нақты бар-жоғын бақылау;

республикалық және аймақтық маңызы бар жекешелендірілуші кәсіпорындар мемлекеттік акцияларының (жарналарының, үлестерінің) пакетін сату жөнінде қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес екі деңгейде купондық аукциондарды әзірлеп, өткізу;

жаппай жекешелендіру барысында инвестициялық жекешелендіру қорлары қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік жинақ банкісінің бөлімшелері мен комитеттің Ақпарат-есеп орталығын келіп түскен азаматтардың жекешелендіруші инвестициялық купондарын әртүрлі инвестициялық жекешелендіру қорларына орналастыруы туралы мәліметтерді өңдеу және талдау негізінде аукцион барысын реттеп, үйлестіру;

жеңімпаздар тізімдерін, жекешелендіруші инвестициялық купондарға айырбасқа сатып алынған акциялар санын және басқа да деректерді бұқаралық хабарлама құралдары арқылы жариялай отырып, олардың қорытындылары аукциондарға қатысушыларға кеңінен әйгілі болуын қамтамасыз ету;

жекешелендіруші инвестициялық купондардың, жекешелендірілуші кәсіпорындар акцияларының, олардың аукциондық саудадағы курсының қозғалысына ұдайы талдау жасап отыру және соның негізінде ақпарат хабарларын әзірлеу;

жекешелендірілуші кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайы туралы ақпарат жинау, келіп түскендерін өңдеу және талдау негізінде олар туралы мәліметтер қорын жүргізу әрі олардың қызметі жайында мәліметтер әзірлеу.

9. Өзінің негізгі функциясын орындау үшін Қордың:

аукциондар басталар алдында оларға қатысушыларды уақтылы таныстыру үшін Комитет пен оның аумақтық органдарынан акциялары сатуға қойылған жекешелендірілетін кәсіпорындар туралы қажетті ақпарат (шығарылатын акциялар проспекті Жарғы және басқа да құжаттар) алуға;

өтінімдер қабылдау тәртібін белгілеуге, аукциондар өткізуге, жекешелендірілетін кәсіпорындардың мемлекеттік акциялары пакетін сату туралы ақпарат хабарлар жариялауға;

өз қызметін жоспарлауға, бөлінген қызметкерлер саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде құрылымды, штат кестесін дербес белгілеуге құқығы бар.

10. Қордың қаржылану көздері:
Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің қаржысы;
мемлекеттік меншікті жекешелендіруден алынған ақшалай қаражат;
инвестициялық жекешелендіру қорларына және сол қорлардың
басқарушыларына лицензия бергені үшін бір жолғы алым түрінде түскен кірістер

Бұл көздер бойынша ақшалай түсімдер есебі бөлек-бөлек жүргізіледі.

11. Қорға жолданған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік
қаржы бақылау комитеті Комитетпен бірлесіп жүзеге асырады.

12. Қорға басшылық жасау Қор төрағасына жүктеледі. Қор төрағасын
Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті тағайындайды.

13. Қор бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының
заңдарында белгіленген тәртіппен есеп беріп отырады.

14. Қорды қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында
белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.